

Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесін және өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі;

2) өкілдік шығындардың нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 20 наурыздағы

N 281 қаулысымен

бекітілген

Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдаланудың тәртібін айқындайды.

2. Өкілдік шығындар - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шетелдік делегацияларды қабылдауға, кеңестер, семинарлар, салтанатты және ресми іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің, халықаралық байқау миссияларының құрамында шет мемлекеттердегі сайлауларға Қазақстан Республикасының атынан байқаушылар ретінде жіберілетін, республикалық бюджет есебінен ұсталатын органдардың лауазымды тұлғаларының шетелдік сапарлары кезіндегі өкілдік мақсаттарға бөлінетін

қ а р а ж а т .

Осы тармақтың үшінші абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда, өкілдік шығындарға :

- 1) іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына шақырылатын тұлғалардың қонақ үйде тұруына және баратын пунктіне дейінгі көліктік шығындарына ақы төлеуге;
- 2) ресми қонақасыға, кешкі астарға, кофе-брейктерге, фуршеттерге;
- 3) ресми қабылдаулар өткізу кезіндегі музыкалық сүйемелдеуге;
- 4) кәдесыйлар, ескерткіш сыйлықтар сатып алуға;
- 5) автокөліктік қызмет көрсетуге;
- 6) аудармашылардың қызметіне ақы төлеуге;
- 7) залды жалға алуға арналған шығындар;
- 8) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі рұқсат еткен өзге де шығыстар жатады .

Халықаралық байқау миссияларының құрамында шет мемлекеттердегі сайлауларға Қазақстан Республикасының атынан байқаушылар ретінде жіберілетін, республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының өкілдік шығындарына:

- 1) автокөліктік қызмет көрсету;
- 2) аудармашылардың қызметтеріне ақы төлеу жатады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 , 2005.08.12. N 835 , 2006.12.22. N 1240 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Республикалық бюджеттің өкілдік шығындарға бөлінетін қаражатын пайдаланудың тәртібі

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте өкілдік шығындарға көзделген қаражат көлеміне сүйене отырып, Өкілдік шығындарды талап ететін жылдық Іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) жасайды .

Мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде күтпеген іс-шараларды өткізудің саяси мәнділігі мен бөлінген қаражат көлемін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспарды жыл бойы түзете алады.

4. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджетте өкілдік шығындарға көзделген қаражатты бөлу туралы өтініштерін:

- 1) іс-шараны өткізу қажеттігінің негіздемесі;
- 2) деңгейі мен форматы бойынша делегацияның болу бағдарламалары;
- 3) іс-шаралар дайындау мен өткізудің жұмыс жоспары;

- 4) іс-шараға қатысушылардың іс жүзіндегі санын растайтын құжаттар;
- 5) шығыстардың әрбір ерекшеліктері негізделген қаржыландыру жоспарлары;

6) осы Ереженің 3-тармағына сәйкес Жоспарда тиісті іс-шара болған кезде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қарайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өкілдік шығыстарды өтеу үшін қаражат бөлу туралы өтініш жасаған кезде нақты шығыстарды растайтын құжаттарды (түбіртектерді, шот-фактураларды, жөнелтпе құжаттарды) тапсыру қ а ж е т .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 қаулысымен .

5. Осы Ереженің 2-тармағының 3), 4), 7) тармақшаларында белгіленген өкілдік шығындар бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері көрсетілген тауарлар мен қызметтерді ұсынатын ұйымдардың тауарлары мен қызметтерінің құнын, сондай-ақ деректемелерін көрсете отырып, заңнамада белгіленген тәртіптің сақталуын растайтын құжаттарды ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспар және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтініші негізінде осы қаулымен бекітілген өкілдік шығындардың нормаларына сәйкес қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялауға және демаркациялауға, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мен трансшекаралық өзендердің су ресурстарын ұтымды пайдалануға қатысты мәселелерге байланысты өкілдік шығындарды қоспағанда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне өкілдік шығындарға арналған қаражат бөлуді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 қаулысымен .

7. Өкілдік шығындарға арналған қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімімен ресімделетін іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына шақырылатын тұлғалардың қонақ үйде тұруына және баратын пунктіне дейінгі көліктік шығындарына ақы төлеуге, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезіндегі өкілдік мақсаттарға қаражат бөлу, сондай-ақ халықаралық байқау миссияларының құрамында шет мемлекеттердегі сайлауларға Қазақстан Республикасының атынан байқаушылар ретінде жіберілетін, республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік

органдардың лауазымды тұлғаларына автокөліктік қызмет көрсетуге және аудармашылардың қызметтеріне ақы төлеуге қаражат бөлу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімімен
р е с і м д е л е д і .

Өкілдік шығындарға қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімдері жоспарланып отырған іс-шара басталғанға дейін
қ а б ы л д а н а д ы .

Объективті себептерге орай, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімдерін жоспарланып отырған іс-шара басталғанға дейін қабылдау мүмкін болмаған ерекше жағдайларда, белгіленген тәртіппен өкілдік шығыстарды өтеу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімдері қабылдануы мүмкін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 , 2005.08.12. N 835 , 2006.12.22. N 1240 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімі негізінде заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары, сондай-ақ республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын халықаралық байқау миссияларының құрамында шет мемлекеттердегі сайлауларға Қазақстан Республикасының атынан байқаушылар ретінде жіберу кезінде өкілдік шығындарға қолма-қол шетел валютасын бөлу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бөлінген қаражатты айырбастау үшін Астана қаласының қазынашылық басқармасында валюталық ш о т а ш а д ы ;

Астана қаласы қазынашылық басқармасының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық филиалы шетел валютасын айырбастауды жүргізеді және оның корреспонденттік (валюталық) шотына а у д а р а д ы ;

Астана қаласының қазынашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық филиалы көшірме үзіндісінің негізінде шетел валютасын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық

ш о т ы н а

е с е п т е й д і ;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ай сайын 10-күніне дейін Астана қаласының қазынашылық басқармасына тиісті айға арналған жоспарлы тағайындауларға баламалы сомада келесі күнтізбелік айға қолма-қол шетел валютасын алуға өтінім жолдайды;

өкілдік шығындарға арналған қаражатты бөлу туралы қабылданған шешімнің негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми делегацияның құрамына кіретін адамдарды көрсете отырып, қолма-қол шетел валютасын алуға арналған сенімхатты беру үшін Астана қаласының қазынашылық басқармасына хат жолдайды. Астана қаласының қазынашылық басқармасы Сыртқы істер министрлігінің хатында көрсетілген адамға Ұлттық Банктің Астана қаласындағы орталық филиалынан қолма-қол шетел валютасын алуға сенімхат береді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 , 2006.12.22. N 1240 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Есеп беру және бақылау

10. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілдік шығындарға бөлінетін қаражаттың жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады.

11. Өкілдік шығындарға арналған қаражатты алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері көрсетілген қаражаттың пайдаланылуы туралы тоқсан сайынғы есепті, ал өкілдік шығындарға арналған қаражатты алған адамдар іс-шаралар өткізілгеннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде тиісті тауарларды сатқан, жұмыстарды атқарған және қызметтер көрсеткен ұйымның мөрімен куәландырылған сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің құны мен көлемін көрсете отырып, растайтын құжаттарды (түбіртектерді, есеп-фактураларды, жөнелтпе құжаттарды) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынуы тиіс.

Осы Ереженің 9-тармағында белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражат бойынша есеп беретін адам іс-шаралар өткізілгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық шотына пайдаланылмаған ақшаның сомасын қайтарады және оған Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының шетелге сапары кезінде Қазақстан Республикасы Президенті Протоколының Бастығы бекіткен немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелге сапары кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары, республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын халықаралық байқау

миссияларының құрамында шет мемлекеттердегі сайлауларға Қазақстан Республикасының атынан байқаушылар ретінде жіберу кезінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы бекіткен, елтаңбалық мөрмен расталған өкілдік мақсаттарға арналған шығындар жөніндегі актіні, сондай-ақ қолма-қол қаражатты қайтару туралы түбіртектері және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық филиалының кіріс ордерін тапсырады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 , 2004.10.20. N 1080 , 2006.12.22. N 1240 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12. Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы үшін жауапкершілік республикалық бюджеттік бағдарламалардың өкімшілеріне жүктеледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 8 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ө к і л д і к

ш ы ғ ы н д а р д ы ң

НОРМАЛАРЫ

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.09. N 152 қаулысымен .

Шығыстардың атауы		Құны теңгемен
1.	Ресми түстіктерді, кешкі астарды беруге арналған шығындар делегация үшін күніне бір адамға арналған есеппен жүргізіледі;	6 500-ге дейін
	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары Төрағаларының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің қатысуымен ресми түстіктерді, кешкі астарды беруге күніне бір адамға арналған есеп бойынша	12 500-ге дейін
2.	Келіссөздер, мәдени бағдарламалар іс-шаралары кезіндегі буфеттік қызмет	

- көрсету күніне бір адамға 1 040-қа дейін
3. Делегацияны қабылдайтын мемлекеттік
органның штатында тұрмайтын
аудармашының еңбегіне ақы төлеу (ілеспе
аудармадан басқа) бір сағатқа ақы төлеу
есебі бойынша 700-ге дейін
4. Автомобиль көлігімен шетелдік
делегацияларға қызмет көрсетуге арналған
көліктік шығындарға ақы төлеу бір
сағатқа ақы төлеу бойынша қаржыландыру
жоспарларында көзделеді 1 200-ге дейін

Е с к е р т у :

1. Ресми түстіктерді, кешкі астарды беру кезінде Қазақстан Республикасының тарапынан қатысушылардың саны шетелдік делегациялардың тарапынан қатысушылардың санынан аспауы тиіс.

2. Делегацияның құрамы 5 адамнан артық болған кезде делегацияға қызмет көрсететін ілесіп жүретін адамдар мен аудармашылардың (ілеспе аудармадан басқа) саны делегацияның 5 мүшесіне 1 аудармашы немесе бірге жүруші есебімен айқындалуы тиіс.